

"Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 6 ақпандығы № 39 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 наурызда № 16584 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10555 болып тіркелген, 2015 жылғы 8 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Макроэкономикалық талдау және болжамдау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрек оның ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

T. Сұлейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев

2018 жылғы 15 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары-Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Ө. Шөкеев

2018 жылғы 26 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

2018 жылғы 23 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

Е. Біртанов

2018 жылғы 8 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
корғау министрі

Т. Дүйсенова

2018 жылғы 6 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

2018 жылғы 16 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Каржы министрі

Б. Сұлтанов

2018 жылғы 22 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедиұлы

2018 жылғы 23 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік қызмет істері және

сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл агенттігінің төрағасы

А. Шпекбаев

2018 жылғы 26 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің

басқарма төрағасы

Д. Ақышев

2018 жылғы 27 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

Қ. Қасымов

2018 жылғы 21 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі
_____ Қ. Бозымбаев
2018 жылғы 20 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 6 ақпандагы
№ 39 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 8 қантардағы
№ 9 бұйрығымен
бекітілген

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдері 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлерін есептеу үшін қажетті Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымын, көрсеткіштердің нысанын, тізбесін әзірлеу тәртібі мен мерзімдерін, оны әзірлеу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа ұйымдардың өзара іс-қимыл жасау тетіктерін айқындайды.

3. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды, Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын ескере отырып, жылжымалы негізде бес жылдық кезеңге жыл сайын әзірленеді.

4. Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған бюджет параметрлерінің болжамы индикативті сипатта болады және әлеуметтік-экономикалық даму болжамының өзгерістері, бюджет мониторингі мен нәтижелердің бағалануы, басқа да ішкі және сыртқы факторлар ескеріле отырып, бюджет параметрлерінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған болжамын әзірлеу кезінде нақтылануы мүмкін.

5. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мемлекеттік басқарудың республикалық деңгейінде және облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде әзірленеді.

6. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын тиісінше мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы

әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдар (әкімдік) мақұлдайды және ол бүқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

7. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджетті, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

8. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің жергілікті бюджеттерін, аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

9. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы экономиканы дамытудың ішкі және сыртқы шарттарының өзгерістері ескеріле отырып нақтылануы мүмкін.

2-тарау. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамының құрылымы

10. Мемлекеттік басқарудың республикалық деңгейінде әзірленетін әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) экономиканы дамытудың сыртқы және ішкі жағдайлары;
- 2) экономикалық саясаттың, оның ішінде салықтық-бюджеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттері;
- 3) экономикалық саясаттың, оның ішінде салықтық-бюджеттік саясаттың негізгі бағыттары мен шаралары;
- 4) бесжылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-нысанына сәйкес;
- 5) мемлекеттік қаржының тұрақтылын бағалау;
- 6) ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың жоспарлы кезеңге арналған болжамы;
- 7) шоғырландырылған, мемлекеттік және республикалық бюджеттердің түсімдері мен шығыстарының, тиісті бюджеттің тапшылығы (профициті) мен мұнайға қатысты емес тапшылығының (профицитінің) болжамын қамтитын, жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік параметрлердің болжамы осы Қағидаларға 1- қосымшаның 2-нысанына сәйкес;
- 8) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен шығыстарының жоспарлы кезеңге арналған болжамы;
- 9) әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары;

10) кезекті қаржы жылына арналған шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаның 3-нысанына сәйкес.

11. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлерін есептеу үшін қажетті Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымы, көрсеткіштердің тізбесі, сондай-ақ жауапты орындаушылар осы Қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша айқындалады.

12. Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың деңгейінде әзірленетін әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мынадай бөлімдерден турады:

1) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері, басымдықтар, нысаналы индикаторлары және көрсеткіштері;

2) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1, 2-нысандарына сәйкес;

3) облыстың (аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), аудандық маңызы бар қала, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бөлінісінде), респубикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет түсімдері мен шығыстарының болжамын қамтитын облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет параметрлерінің болжамы осы Қағидаларға 4-қосымшаның 3-нысанына сәйкес;

4) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың басым бюджеттік инвестициялар тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаның 4-нысанына сәйкес;

5) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың басым бюджеттік инвестиациялар тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаның 4-нысанына сәйкес.

13. Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлерін есептеу үшін қажетті Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымы, көрсеткіштердің тізбесі осы Қағидаларға 2, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша айқындалады.

14. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік параметрлері аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бөлінісінде облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының құрамында көрсетіледі.

15. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган (облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган) әлеуметтік-экономикалық дамудың және бюджеттік параметрлердің қосымша болжамдық көрсеткіштерін енгізуі мүмкін.

3-тaraу. Мемлекеттік басқарудың республикалық деңгейінде әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу тәртібі

16. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган екі кезеңде жүзеге асырады.

17. Бірінші кезеңде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамын және әлеуметтік-экономикалық саясатының басымдықтарын әзірлеу арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасы қалыптастырылады:

1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдар жоспарланатын кезеңін алдындағы жылдың 15 наурызынан кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға көрсеткіштер болжамын және республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдеріне ұсыныстарды әлеуметтік-экономикалық даму болжамы көрсеткіштерінің бөлім құрылымына, нысандары мен тізбесіне сәйкес осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша ұсынады;

2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдардан алынған ақпараттың негізінде жоспарланатын кезеңін алдындағы жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей алдағы жоспарланған кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамын әзірлейді және оны бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жолдайды;

3) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамының негізінде жоспарланатын кезеңін алдындағы жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік кредиттерді өтеудің, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдердің сценарийлік болжамын жолдайды;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамы негізінде жоспарланатын кезеңін алдындағы жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын әзірлеу үшін қажетті ақша-кредит саясатының және төлем тенгерімі көрсеткіштерінің сценарийлік болжамын жолдайды;

5) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдардан алынған ақпараттың негізінде бірінші кезеңдегі

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын қалыптастырады және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;

6) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бірінші кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын Республикалық бюджет комиссиясы мақұлдағаннан кейін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне жолдайды және 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады.

18. Екінші кезеңде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы жобасының көрсеткіштер болжамын нақтылау және бөлімдерін өзектілендіру жүргізіледі:

1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдар бөлімдердің құрылымына, құжаттардың нысандары мен көрсеткіштердің тізбесіне сәйкес осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға нақтыланған көрсеткіштер болжамын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдеріне ақпаратты ұсынады;

2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдардан алынған ақпараттың негізінде жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 20 шілдесінен кешіктірмей әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамын нақтылайды және оны бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жолдайды;

3) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамының негізінде жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 28 шілдесінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік кредиттерді өтеудің, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдердің нақтыланған сценарийлік болжамын жолдайды;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің сценарийлік болжамы негізінде жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 28 шілдесінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу үшін қажетті ақша-кредит саясаты мен төлем теңгерімі көрсеткіштерінің нақтыланған сценарийлік болжамын жолдайды;

5) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдардан алынған ақпараттың, сондай-ақ жоспарланатын

кезеңің алдындағы есепті кезеңдегі ресми есептік деректердің негізінде жоспарланатын кезеңің алдындағы жылдың 1 тамызынан кешіктірмей екінші кезеңде әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамын қалыптастырады;

6) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жоспарланатын кезеңің алдындағы жылдың 15 тамызынан кешіктірмей екінші кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын қалыптастырады және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне жолдайды;

7) шартты қаржыландырылатын шығыстардың тізбесі мен көлемін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастырады, Республикалық бюджет комиссиясы оны қарайды және әлеуметтік-экономикалық даму болжамының құрамында мақұлданады;

8) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасы Республикалық бюджет комиссиясы мақұлдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізіледі;

9) Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бір мезгілде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізуімен қатар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

4-тaraу. Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың деңгейінде әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу тәртібі

19. Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуді облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы екі кезеңде жүзеге асырады.

20. Бірінші кезеңде облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын әзірлеу жүзеге асырылады:

1) облыстың (аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты), респубикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органдары және аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдары облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымына және көрсеткіштер тізбесіне сәйкес осы Қағидаларға 2, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жоспарланатын кезеңің алдындағы жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік

жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің бөлімдеріне келісілген ұсыныстар мен нақтыланған болжам ұсынады;

2) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарынан және облыстың (аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты), респубикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органдарынан алынған ақпараттың негізінде бірінші кезеңде Республикалық бюджет комиссиясы мақұлдаған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасына, осы Қағидаларға 2, 4- қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымына, көрсеткіштердің нысандары мен тізбесіне және әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі басымдықтарына сүйене отырып, Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын қалыптастырады және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 25 сәуірінен кешіктірмей облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

21. Екінші кезеңде Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамын нақтылау және болжам жобасының бөлімдерін өзектілендіру жүзеге асырылады:

1) жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың қыркүйегінде облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарының және облыстың (аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты), респубикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органдарының қатысуымен екінші кезеңде Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізінде облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамын нақтылауды жүргізеді;

2) облыстың (аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты), респубикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органдары және аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдары облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымына, көрсеткіштердің нысандары мен тізбесіне сәйкес осы Қағидаларға 2, 5- қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 10 қыркүйегінен кешіктірмей облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың,

астаның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің бөлімдеріне келісілген ұсыныстар мен нақтыланған болжам ұсынады;

3) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның атқарушы органдарынан және аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарынан алынған ақпараттың негізінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппаратының атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын пысықтайды және облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның бюджет қаражаты есебінен жергілікті басым бюджеттік инвестициялардың тізбесін қалыптастырады;

4) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның бюджет комиссиясының оң қорытындысын ескере отырып және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктің) қарауына енгізеді;

5) жергілікті басым бюджеттік инвестициялардың тізбесін қоса алғанда, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның әлеуметтік-экономикалық даму болжамын жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 10 қазанынан кешіктірмей облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның жергілікті атқарушы органдары (әкімдік) макұлдайды;

6) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның макұлданған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның жергілікті атқарушы органдары (әкімдік) бір мезгілде тиісті жергілікті өкілдік органға (мәслихат) енгізе отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады.

5-тaraу. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамын нақтылау тәртібі

22. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган (әкімдік) макұлдаған Қазақстан Республикасының, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астаның әлеуметтік-экономикалық даму болжамына өзгерістер енгізу

арқылы Қазақстан Республикасының, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін өзгерту әлеуметтік-экономикалық даму болжамын нақтылау болып табылады.

23. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын нақтылау жалпы ішкі және өндірлік өнім бойынша есептік деректер жаңартылған, сондай-ақ экономиканы дамытудың сыртқы және ішкі талаптары өзгерген жағдайларда жүзеге асырылады.

24. Мақұлданған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына өзгерістер енгізуді Респубикалық бюджет комиссиясы немесе облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясы қарайды, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органды (әкімдік) мақұлдайды және ол бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

25. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын нақтылау кезінде тиісті мемлекеттік басқару деңгейлерінде екінші кезеңде әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу және мақұлдау жөніндегі осы Қағидаларда белгіленген талаптар сақталады.

6-тарау. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуді әдіснамалық қамтамасыз ету

26. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік ұйымдардың қызметін әдіснамалық басқаруды және үйлестіруді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

27. Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу кезінде облыстардың (аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппаратының), респубикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органдарының қызметін үйлестіруді облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы жүзеге асырады.

Әлеуметтік-экономикалық даму
болжамын әзірлеу қағидалары мен
мерзімдеріне 1-косымша

1-нысан

1. Бес жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы

Көрсеткіштің атапуы	1-ші жоспарланатын жылдың алдындағы ағымдағы жыл	Болжанатын кезең жылы				
		1-ші	2-ші	3-ші	4-ші	5-ші

P/ с №	Бағалау	Болжам	3	4	5	6	7	8
1	2							
1.	ЖІӨ, млрд. теңге							
2.	ЖІӨ-нің нақты өзгеруі, өткен жылға қарағанда %							
3.	ЖІӨ, есептік бағам бойынша млрд. АҚШ долл.							
4.	Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, есептік бағам бойынша АҚШ долл.							

Экономика салаларының ЖКҚ НКИ

5.	Ауыл, орман және балық шаруашылығы, өткен жылға қарағанда %							
6.	Өнеркәсіп, өткен жылға қарағанда %							
7.	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру, өткен жылға қарағанда %							
8.	Шикі мұнай өндіру, млн. тонна							
9.	Мұнайдың әлемдік бағасы (Brent қоспасы), жылына орташа есеппен бір баррелі үшін АҚШ долл.							
10.	Өндеу өнеркәсібі, өткен жылға қарағанда %							
11.	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау, өткен жылға қарағанда %							
12.	Құрылым, өткен жылға қарағанда %							
13.	Көлік және қоймалау, өткен жылға қарағанда %							
14.	Ақпарат және байланыс, өткен жылға қарағанда %							
15.	Көтерме және бөлшек сауда, өткен жылға қарағанда %							

Ақша-кредит саясатының көрсеткіштері

16.	Экономикаға ЕДБ кредиттері, млрд. теңге, кезеңнің соына							
17.	Резиденттердің депозиттері, млрд. теңге, кезеңнің соына							
18.	Ақша массасы, млрд. теңге, кезең соына							
19.	Экономиканы монеталандыру деңгейі, ЖІӨ-ге қарағанда %							
20.	Инфляция, кезең соына %							

Төлем тенгерімінің көрсеткіштері

21.	Тауарлар экспорты, млн. АҚШ долл.							
22.	Тауарлар импорты, млн. АҚШ долл.							
23.	Сауда тенгерімі, млн. АҚШ долл.							
24.	Ағымдағы шот, млн. АҚШ долл.							
25.	ЖІӨ-ге қарағанда %							

Мемлекет міндеттемелерінің көрсеткіштері

26.	Мемлекеттік борыш, млрд. теңге							
27.	ЖІӨ-ге қарағанда %							
28.	Үкіметтік борыш, млрд. теңге							
29.	ЖІӨ-ге қарағанда %							

30.	ішкі					
31.	сыртқы					
Әлеуметтік саланың көрсеткіштері						
32.	Халықтың өмір сүру ұзақтығы, жыл					
33.	Халық саны, мың адам					
34.	Жұмыс күші саны, мың адам					
35.	Жұмыспен қамтылған халық саны, мың адам					
36.	жаддамалы жұмыскерлер, мың адам					
37.	өзін-өзі жұмыспен қамтылған жұмыскерлер, мың адам					
38.	Жұмыссыз халық саны, мың адам					
39.	Жұмыссыздық деңгейі, жұмыс күші санына %					
40.	Жұмыскерлерге қажеттілік, адам					
41.	Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды шығару, мың адам					
42.	Жоғары білімі бар кадрларды шығару, мың адам					
43.	Жоғары оку орнынан кейінгі білімі бар кадрларды шығару, мың адам					
44.	Ең тәменгі жалақы мөлшері, теңге					
45.	Бір жұмыскердің орташа айлық жалақысы, теңге					
46.	Нақты жалақы индексі, өткен жылға қарағанда %					
47.	Айлық есептік көрсеткіш, теңге					
48.	Зейнеткерлер саны, мың адам					
49.	Базалық зейнетакы төлемінің ең тәмен мөлшері, теңге					
50.	Ең тәмен зейнетакы мөлшері, теңге					
51.	Ең тәмен күнкөріс деңгейі, теңге					
52.	Табысы ең тәмен күнкөріс деңгейі шамасынан тәмен халықтың үлесі, %					

2-нысан

2. Қазақстан Республикасының бюджеттік параметрлері мен Ұлттық қорының жоспарлы кезеңге арналған болжамы

P/c №	Көрсеткіштер атауы	1-ші жоспарланатын жылдың алдындағы ағымдағы жыл Бағалау	млрд. теңге			
			Болжанатын кезең жылы	1-ші	2- ші	3- ші
1	2			3	4	5 6
Мемлекеттік бюджет						
1.	Тұсімдер					
2.	ЖІӨ-ге қарағанда %					
3.	Кірістер (трансфертерді есептемегендे)					

4.	ЖІӨ-ге қарағанда %				
5.	өткен жылға қарағанда %				
6.	Салықтық түсімдер				
7.	Салықтық емес түсімдер				
8.	Капиталмен жасалатын операциялардан түсетін түсімдер				
9.	Трансфертердің түсімдері				
10.	Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт				
11.	Ұлттық қордан нысаналы трансферт				
12.	Бюджеттік кредиттерді өтеу				
13.	Шығыстар				
14.	ЖІӨ-ге қарағанда %				
15.	өткен жылға қарағанда %				
16.	Тапшылық/профицит				
17.	ЖІӨ-ге қарағанда %				
18.	Мұнайға қатысты емес тапшылық/профицит				
19.	ЖІӨ-ге қарағанда %				

Республикалық бюджет

20.	Түсімдер				
21.	ЖІӨ-ге қарағанда %				
22.	Кірістер (трансфертерді ескермегенде)				
23.	ЖІӨ-ге қарағанда %				
24.	өткен жылға қарағанда %				
25.	Салықтық түсімдер				
26.	Салықтық емес түсімдер				
27.	Капиталмен жасалатын операциялардан түсетін түсімдер				
28.	Трансфертер түсімдері				
29.	Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт				
30.	Ұлттық қордан нысаналы трансферт				
31.	кері трансферт				
32.	бюджеттік алып қоюлар				
33.	Бюджеттік кредиттерді өтеу				
34.	Шығыстар				
35.	ЖІӨ-ге қарағанда %				
36.	өткен жылға қарағанда %				
37.	Тапшылық/профицит				
38.	ЖІӨ-ге қарағанда %				
39.	Мұнайға қатысты емес тапшылық/профицит				
40.	ЖІӨ-ге қарағанда %				

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

41.	Түсімдер - Барлығы				
42.	мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдер				

43.	Ұлттық қорды басқарудан алынатын инвестициялық кірістер
44.	респубикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер
45.	Пайдалану
46.	Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт
47.	Ұлттық қордан нысаналы трансферт
48.	Ұлттық қорды басқаруга және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу
49.	Ұлттық қорда қаражаттың таза жинақталуы
50.	Ұлттық қордың есепті кезең сонындағы қаражаты – Барлығы
51.	ЖІӨ-ге қарағанда %
52.	млрд. АҚШ доллары

Шоғырландырылған бюджет

53.	Түсімдер
54.	ЖІӨ-ге қарағанда %
55.	мұнай
56.	мұнай емес
57.	Шығыстар
58.	ЖІӨ-ге қарағанда %
59.	Шоғырландырылған баланс
60.	ЖІӨ-ге қарағанда %
61.	Мұнай емес баланс
62.	ЖІӨ-ге қарағанда %

3-нысан

3. Кезекті қаржы жылына арналған шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың тізбесі

P / c №	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы	Шығыстардың атауы	Сомасы, млн. теңге
1	2	3	4
	Жиыны:		

Әлеуметтік-экономикалық даму
болжамын өзірлеу қағидалары мен
мерзімдеріне
2-қосымша
1-нысан

**Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуболжамы
бөлімдерінің құрылымы**

1. Экономиканың сыртқы және ішкі даму шарттары
Дамудың сценарийлік нұсқалары
2. Орта мерзімді кезеңге арналған экономикалық саясаттың мақсаттары мен міндеттері
3. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары мен шаралары
3.1 Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету
3.2 Экономиканың салаларын дамыту:
3.3 Бизнес-аҳуал мен инвестициялық тартымдылықты жақсарту
3.4 Адами капиталдың сапасын жақсарту
3.5 Тенгерімделген өнірлік даму
3.6 Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру
3.7 Халықаралық интеграция және өзара іс-қымыл
4. Экономиканың негізгі өсу факторлары мен әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы
5. Ишкі және сыртқы үкіметтік борыш болжамын қоса алғандағы мемлекет міндеттемелерінің параметрлері
6. Мемлекеттік қаржы тұрақтылығын бағалау
7. Мемлекеттік қаржының негізгі параметрлері
7.1 Үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік параметрлер
7.2 Республикалық бюджет шығыстарының басымдықтары
7.3 Әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары
7.4 Мемлекет міндеттемелерінің параметрлері
8. Бес жылдық кезеңге арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің, жоспарлы кезеңге арналған бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының болжамдары (косымша түрінде)
9. Республикалық бюджеттің кезекті қаржы жылына арналған шартты қаржыландырылатын шығыстар тізбесі (косымша түрінде)

2-нысан

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрлымы

1. Болжамды кезеңнің алдындағы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері
Экономиканы дамытудың сыртқы және ішкі шарттары
2. Облыстың, республикалық маңызы бар қала, астана дамуының негізгі басым бағыттары
3. Экономикалық саясатты іске асырудың негізгі шаралары:
3.1 Бюджет-салық саясаты
3.2 Инфляция деңгейін тежеу
3.3 Экономика салаларын дамыту:
өнеркәсіп
ауыл шаруашылығы
туризм
құрлылыс
көлік
байланыс

сауда	
3.4 Бизес-ахуал мен инвестициялық тартымдылыкты жақсарту	
3.5 Адами капиталдың сапасын жақсарту	
4. Экономиканың негізгі өсу факторлары мен әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы	
5. Үш жылдық кезенге арналған жерлікті бюджеттің негізгі параметрлері	
5.1 Үш жылдық кезенге арналған бюджеттік параметрлердің болжамы	
5.2 Бюджеттардың катынастар	
5.3 Жергілікті бюджет шығыстарының басымдықтары	
5.4 Әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жана бастамалары	
5.5 Үш жылдық кезенге арналған бюджеттік инвестициялық саясаттың негізгі басымдықтары	
6. Бес жылдық кезенге арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың (аудан, облыстық маңызы бар қалалар бөлінісіндегі) негізгі көрсеткіштерінің және жоспарлы кезенге арналған (аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер мен ауылдық округтер бөлінісінде) бюджет параметрлерінің (қосымша түрінде) болжамы	
7. Жергілікті басым бюджеттік инвестициялар тізбесі (қосымша түрінде)	

Әлеуметтік-экономикалық даму
болжамын әзірлеу қағидалары
мен мерзімдеріне
3-қосымша

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлерін есептеу үшін қажетті ақпараттар мен көрсеткіштердің нысандары және тізбесі

1-нысан

1. Бес жылдық кезенге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы шеңберінде әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру үшін қажетті ақпараттар тізбесі

P/ с №	Бөлімнің атауы	Жауапты орындаушы
1	2	3
1.	Экономиканы дамытудың сыртқы және ішкі шарттары Дамудың сценарийлік нұсқалары	ҰӘМ
2.	Орта мерзімді кезенге арналған экономикалық саясаттың мақсаттары мен басымдықтары	ҰӘМ
3.	Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары мен шаралары	ҰӘМ, ҰБ, ИДМ, Қаржымині, ЭМ, АШМ, АКМ, ПМ, МСМ, БФМ, ДСМ, Еңбекмині, МҚІСҚА
3.1	Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету	ҰӘМ, ЭМ, Қаржымині, ИДМ, АШМ, ҰБ

	Ақша-кредит саясаты, инфляцияны тежеу жөніндегі шараларды қоса алғанда	ҰБ, ҰЭМ, АШМ, ЭМ
	Қаржы секторының тұрақтылығын реттеу және қамтамасыз ету саласындағы саясат	ҰБ
	Квазимемлекеттік секторды ескере отырып, мемлекет міндеттемелерін басқару саясаты	ҰЭМ, ҰБ, Қаржымині
	Бюджет саясатының негізгі басымдықтары	ҰЭМ, ҰБ, Қаржымині,
	Салық саясатының негізгі басымдықтары	ҰЭМ, Қаржымині
	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану саясаты	ҰЭМ, ҰБ, Қаржымині
	Бюджеттік инвестициялық саясаттың (оның ішінде бюджеттік инвестициялар) негізгі басымдықтары	ҰЭМ, ИДМ, АШМ, ЭМ
	Бюджетаралық қатынастар	ҰЭМ
3.2	Экономика салаларын дамыту саясаты	ҰЭМ, ИДМ, ЭМ, АШМ, АКМ, МСМ
	отын-энергетикалық кешен	ЭМ
	мұнай-газ секторы	ЭМ
	электр энергетикасы	ЭМ
	атом өнеркәсібі	ЭМ
	көмір өнеркәсібі	ЭМ
	тау-кен металлургия кешені	ИДМ
	агроөнеркәсіптік кешен	АШМ
	женіл өнеркәсіп	ИДМ
	химия өнеркәсібі	ИДМ
	фармацевтика саласы	ИДМ
	күрьылыс материалдарының өндірісі	ИДМ
	машина жасау	ИДМ
	күрьылыс	ИДМ
	сауда	ҰЭМ
	ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	АКМ
	инфокоммуникациялық инфрақұрылым, цифрлық экономика	АКМ
	көлік және логистика	ИДМ
	туризм	МСМ
	басқалар	ОМО
	жасыл экономика	ЭМ
	инновациялар	ИДМ
	жергілікті қамту	ИДМ
3.3	Бизнес ахуалды және инвестициялық тартымдылықты жақсарту	ҰЭМ, ИДМ
	Мемлекеттің экономикадағы үлесінің төмендеуі	ҰЭМ
	Инвестициялық ахуалды жақсарту	ИДМ, ҰЭМ, Қаржымині
	Пайдалану бағыттары және қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға инвестициялар көлемінің болжамы	ҰЭМ, ИДМ, Қаржымині
	Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктікіті дамыту	ҰЭМ

	Табиги монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің шекті өсу болжамын ескере отырып, тарифтік және монополияға қарсы саясат	ҰЭМ
3.4	Адами капиталдың сапасын жақсарту	ҰЭМ, БФМ, ДСМ, МСМ, Еңбекмині, ПМ
	Білім беру	БФМ
	Денсаулық сактау	ДСМ
	Мәдениет	МСМ
	Жұмыспен қамту	Еңбекмині
	Көші-кон	Еңбекмині, ПМ
	Әлеуметтік қамтамасыз ету	Еңбекмині
3.5	Тенгерімделген өнірлік даму	ҰЭМ, ИДМ, ЭМ, ЖАО
	өнірлік саясат	ҰЭМ
	тұрғын үй құрылышы	ИДМ
	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	ИДМ
	сүмен жабдықтау	ИДМ
